

---

**Теректі мектеп-балабақшасы**

**ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ  
2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ЖЫЛ БОЙЫ  
АТҚАРҒАН ЖҰМЫСТАРЫ ТУРАЛЫ  
ЕСЕБІ**

**ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГ:  
Г.Н. ДОСАНОВА**

## Теректі мектеп-балабақшасындағы 2023-2024 оқу жылының жыл бойы атқарылған психологиялық қызметтің есебі


Жаңа оқу жылының басында 139 оқушы санымен басталып сол оқушылар санымен аяқталып отыр. Мектеп директорымен бекітілген жылдық жұмыс жоспары №377 бұйрық бойынша жұмыстандым. Яғни, 5 бағыт бойынша (диагностикалық, түзету-дамыту, алдын алу және психологиялық ағарту, кеңес беру және ұйымдастыру-әдістемелік жұмыстар).

Жылдың басында біздің жұмысымыз әдеттегідей, бірінші сынып оқушыларын мектепке бейімделуін анықтаудан бастау алады. Оқушылардың психологиялық дайындығымен мектеп өміріне бейімделуін байқау мақсатында Кери-Иерасиктің әдістемесін өткізуден басталды.

1-ші сыныпта 14 оқушы сынақтан өтті. Зерттеу жұмысы барысында оқушылар назарына «Ер адамның суретін салу», «Әріптерді көшіріп салу», «Бір топ нүктелерді көшіріп салу» ұсынылды. Негізгі мақсат алынған нәтижелерден оқушылардың мектепке психологиялық дайындығын анықтау. Сынақ қорытындысы бойынша оқушылардың мектепке психологиялық дайындығымен мектеп өміріне бейімделуін төмендегі кестеден байқауға болады.

| №  | Білім алушының аты-жөні | Тапсырмалары |   |   | Жалпы көрытындысы (баллмен) | Нәтиже өлшемдері                                 | Саны (%) |
|----|-------------------------|--------------|---|---|-----------------------------|--|----------|
|    |                         | 1            | 2 | 3 |                             |  |          |
| 1  | Дүзбасова Аңсар Р       | 1            | 1 | 1 | 3                           | Мектепке дайын                                   | 5/35,7   |
| 2  | Әмірбай Әмина Ж         | 1            | 2 | 1 | 4                           | Мектепке дайын                                   |          |
| 3  | Беркін Бекет Т          | 2            | 1 | 1 | 4                           | Мектепке дайын                                   |          |
| 4  | Орынбасаров Дәулет Н    | 3            | 1 | 1 | 5                           | Мектепке дайын                                   |          |
| 5  | Шырақбай Кәусар Ш       | 2            | 2 | 1 | 5                           | Мектепке дайын                                   |          |
| 6  | Қайырзаман Қарақат Қ    | 1            | 3 | 2 | 6                           | Орташа дәрежесі                                  | 5/35,7   |
| 7  | Орынбасар Құрмаш Қ      | 3            | 2 | 1 | 6                           | Орташа дәрежесі                                  |          |
| 8  | Бағдәулет Айбибі Б      | 3            | 2 | 2 | 7                           | Орташа дәрежесі                                  |          |
| 9  | Нұрлан Демеу К          | 2            | 3 | 2 | 7                           | Орташа дәрежесі                                  |          |
| 10 | Қайрат Мейірбек Қ       | 2            | 3 | 2 | 7                           | Орташа дәрежесі                                  |          |
| 11 | Жылқыбаев Сұлтан А      | 2            | 3 | 3 | 8                           | Қосымша тапс қажет етеді                         | 3/21,5   |
| 12 | Нұртас Көзайым А        | 3            | 3 | 3 | 9                           | Қосымша тапс қажет етеді                         |          |
| 13 | Егеубай Сартай Б        | 4            | 2 | 3 | 9                           | Қосымша тапс қажет етеді                         |          |
| 14 | Шырақбай Санжар Ш       | 4            | 2 | 5 | 11                          | Дамуы жеткіліксіз, қатаң қадағалауды қажет етеді | 1/7,1    |

1 сынып оқушыларының мектепке дайындығын анықтау:



Жалпы қорытынды жасайтын болсақ, зерттеме жұмысы барысында бірінші сынып оқушыларымен мектепке бейімделу деңгейін қалыптастыру мақсатында, баланың мектепте оқуына психологиялық дайындығын дамытуға арналған «Жүрек», «Мейірімділік», «Тыныштық», «Біз біргеміз» атты түзету-дамыту жаттығулары өткізілді. Сынып жетекшісімен бірігіп әдістеме нәтижесі бойынша төмен көрсеткіш көрсеткен білім алушылармен қосымша жұмыстар атқарылды.

Барлық 14 оқушы қатыстырылды. Мақсаты: оқушылардың бойында мектептегі алғашқы күндеріндегі қорқыныш деңгейлерін төмендету, жаңа орта бейімделуін қалыптастыру.

1-нші сыныптың ата-аналарымен кездесу ұйымдастырылды. Мақсаты: 1-нші сынып оқушыларының жаңа ортаға бейімделуі, мектепке дайындығы, оқушылардың психологиялық тұрғыдан дайындығы туралы толық ақпарат беру. Жалпы 12 ата-ана қатысты. Түрлі мәселелер бойынша ата-аналар өз ойларымен бөлісіп пікір алмасты. Кеңестер айтылып, кітапшалар таратылды.

Қорыта келгенде оқушылардың оқу процесін адаптациялау барысында қатаң қадағалау, мектеппен, сынып жетекшісімен үнемі байланыста болуы ескертілді.



Қыркүйек-желтоқсан айларында жоспар бойынша бірқатар диагностикалар жүргізілді: «Графикалық диктант» 1-4 сыныптар аралығында жүргізілді. Барлығы 40 оқушы қамтылды. Нәтижесі бойынша берілген тапсырманың орташа деңгейде екені анықталды. Яғни сынып жетекшілеріне қосымша осыған ұқсас тапсырмаларды беру ұсынылды,

«Менің сыныбым» 1,5-7 сыныптар аралығында өткізілді. Барлығы 53 оқушы қатыстырылды.

Диагностика нәтижесі бойынша 3,4 позициядағы білім алушыларды қосымша қоғамдық жұмыстарға араластыруды ұсынылды.

Лусканова әдістемесі 5 сыныптардың білім алушыларына жүргізілді. Барлығы 14 оқушы қатыстырылды. Нәтижесі бойынша оқушылардың мектепке деген көзқарастары жағымды. Ішкі мотивациясы төмен оқушылар да анықталды. Сыныппен түзету – дамыту жаттығулар жүргізілді.

«Социометрия» Дж. Морено әдістемесі бойынша 5-8 сыныптарға ұйымдастырылды. Барлығы 47 оқушы қатыстырылды. Оқшауланған оқушылар анықталмады. Сыныптармен түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді.

«Басса-Дарки» сауалнамасы 8-11 сыныптар аралығында өткізілді. Барлығы 40 оқушы қатыстырылды. Диагностика нәтижесі бойынша ауытқушылықтар анықталмады. Сыныптармен агрессиядан, күйзелістен арылту мақсатында «Күйзелістен қалай арылуға болады?» атты түзету-дамыту тренингі өткізілді.






«Дасс» сауалнамасы, Спилберг-Ханиннің әдістемелері 8-11 сыныптар аралығында жүргізілді. Барлығы 40 оқушы қатыстырылды. Диагностика нәтижелері бойынша ауытқушылықтар анықталмады. Түзету-дамыту тренингтері ұйымдастырылды. «Өз құқығыңды білесің бе?» сауалнамасы 8-11 сыныптардан алынды. Барлығы 39 оқушы қатыстырылды. Сауалнама нәтижесі бойынша аса ауытқушылықтар анықталмады.

«Зорлық-зомбылық және балалар» сауалнамасы 7-11 сыныптар аралығында жүргізілді. Барлығы 53 оқушы қамтылды. Сауалнама нәтижесі бойынша зорлық – зомбылық туралы оқушылардың ойлары қанағаттанарлық. Отбасында, мектепте, жіне де басқа жерлерде ешқандай зорлық-зомбылықтың көріністерінің орын алмайтындықтары анықтады. Оқушыларға кітапшалар таратылды.



Қыс мезгілінде бастауыш сынып оқушылары арасында қысқы ойындар өткізілді.

Түрлі жаттығулар арқылы балалардың ептілігі, шапшаңдықтарына бағытталған болатын. Барлық сыныптың оқушылары түгел қатыстырылды. Өте қызықты әрі тартымды ойын болды.








Ата-аналардың педагогикалық-психологиялық қолдау орталығымен бекітілген 1-11 сынып ата-аналарынан «Ата-аналардың психологиялық-педагогикалық білімге қажеттілігін анықтау» мақсатында сауалнама жүргізілді. Барлығы 56 ата-ана қатыстырылды. Сауалнама нәтижесі бойынша көп ата-аналардың ойландыратын мәселесі интернет желісінен және ұялы телефоннан қалай алыстату. Ата-аналармен түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, кеңестер берілді.

1-4 сыныптардан «Отбасы суреті» әдістемесі жүргізілді. Барлығы 58 оқушы қамтылды. Алынған диагностика нәтижелесі бойынша қауіпті деңгей көрсеткіштері анықталмады. Яғни көрсеткіштері қалыпты болды. Дегенмен сынып оқушыларымен түзету-дамыту бағытында жоспар бойынша іс-шаралар жүргізілді. Қажет болған жағдайда кеңестер беріліп тұрды. Сынып жетекшілері мен ата-аналарымен де байланысқа шығып кеңестер берілді.

Теректі мектеп-балабақшасы бойынша білім алушылардың құқықтық сауаттылығын арттырып, құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында Таскопа ауылдық округінің учаскелік полиция инспекторы Ж.Қ.Қоштанбековтың қатысуымен 7-11-сынып оқушыларына «Тәртіпке бағынған құл болмас» тақырыбында кездесу өткізілді. Кездесу барысында оқушыларға қоғамдық тәртіпті сақтау, түнгі мезгілде көшеде жүрмеу, өзгенің мүлкіне қол сұқпау, көлік түрлерін жүргізуге қатаң тыйым салынатындығы жөнінде полиция инспекторы түсінік жұмысын жүргізді. Тәртіпке бағынбаған әрбір тұлғаға айыппұл салынып, жауапкершілікке тартылатындығын қатаң ескертті.

Теректі мектеп-балабақшасында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында мектеп психологі Г.Н.Досанованың ұйымдастыруымен 8-11-сынып оқушылары арасында сауалнамалар жүргізілді. Жалпы 40 оқушы қатыстырылды. Сауалнама 21 сұрақтан тұрады. Құқықбұзушылыққа байланысты жан-жақты сұрақтар берілді.

Сауалнама нәтижесі бойынша өрескел жауаптар анықталмады.



Үлкен үзілістерде оқушылармен түрлі ойындар ойнатылып, уақыттарын тиімді пайдалануға негізделді.



Ерекше білімді қажет ететін 9-ншы сынып оқушысымен де қосымша жұмыстар атқарылып келді. Бұйырса Табынбай Аманат 9 сыныпты бітіріп, Байганин ауданының орталығында орналасқан техникалық колледжіне құжаттарын тапсырып оқуын сол оқу орнында жалғастырады.



Түстен кейінгі оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында білім алушылармен қосымша түзету-дамыту жұмыстары ұйымдастырылды.



Мұғалімдерге арналған «Арт-терапия-шығармашылық терапия» атты арттерапиялық жаттығулар өткізілді. Мақсаты: мұғалімдердің бос уақытындағы хоббилеріне үңілу, не нәрсе қызықтыратынын байқау.





Әдеп кеңесінің хатшысы ретінде оқу жылына 4 кезекті отырыстары өткізілді. Әдеп кеңесінің 1-нші отырысы жыл басындағы педагогикалық кеңесте қарастырылды. 2-нші отырысы "Қарым-қатынас шеберлігі" атты мұғалімдерге арналған тренинг ретінде өткізілді. Мақсаты: педагогикалық әдеп нормаларын сақтай отырып, педагог маман ретінде өздерінің алдына қойған талаптардың орындалуын одан әрі толықтыру, жетілдіру

Мұғалімдер тренингтің түрлі тапсырмалары арқылы өз ойлармен бөлісіп, қызықты пікірталастың куәсі болды. Тренинг соңында әр қатысушыға психологтың кеңесі парақшалары ұсынылды.



Әдеп кеңесінің №3 отырысында «Жаңа формациядағы педагог» сеимнар-тренингі жүргізілді.

Мақсаты: жаңа формациядағы педагогты таныту, түрлі тренингтер арқылы қыр-сырын аша білу. Ұжыммен өзара қарым-қатынасты нығайту, ауызбіршілікке баулу.

I-нші бөлім. Таныстыру

Педагог мамандығының ерекшелігін көрсететіндей 4 топқа тапсырмалар беріледі.

Мақсаты: Әр топ берілген тапсырмаға сай өздерін таныстыру қажет.

- 1-нші топ – өлең шумағын жазады
- 2-нші топ – эмблема жасайды
- 3-нші топ – эпиграмма жазады (сықақ өлең)
- 4-нші топ – ұран дайындайды

2. Пішіндер арқылы өзін-өзі анықтау

Берілген пішіндер ішінен (шеңбер, шаршы, тіктөртбұрыш, дөңгелек, ирек сызық) біреуін тандап, өз бойындағы қасиеттерді салыстыру қажет

II-нші бөлім. Өзіндік қабылдау.

Жаңа формациядағы педагог тұғырнамасының басым бағыттарын – мақсатты индикаторларын көрсетіп, ерекшеліктерін саралау.

III-нші бөлім. Тренингтер...

. «Ұшбұрыш» пішіні арқылы ұжымдастарды танып білу.

Нұсқау. Ұшбұрышытың әр бұрышына бір-бір әріптестің есемдері жазылады. Енді сұрақ қоя отырып талдайық:

Жоғарғы бұрыштағы әріптесті ең алғаш көргенде қалай қабылдадыңыз? Қандай адам деп ойладыңыз?

Екінші сол жақ бұрышына жазған әріптесіңізге өзінің мамандығынан басқа қандай маман иесі болар еді деп ойлайсыз?

Үшінші сол жақ бұрышына жазған әріптестің не сыйлар едіңіз?

«Сергіту сәті»

Мақсаты: бойымызды, ойымызды сергіту.

Нұсқау: топ екіге бөлініп қатар тұрады (бірінің артына бірі). Тапсырманы ешбір сөз айтпай, сөйлемей, тек ым-ишарамен жасау керек.

1. Туған күндерімен тұру, 1-31 ге дейін
2. Туған айларымен тұру.
3. Аяқ киімдерінің размерлері бойынша тұру
4. Отбасындағы бала санымен тұру
5. Туған жылдарымен тұру

«Бірыңғай бір әріптен...» басталатын тілек жазу

Мақсаты: бірыңғай бір әріптен басталатын сөздер тізбегінен тілек білдіру, ой-ұшқырын , қиялын дамыту.

Рефлексия, қорытындылау барысында мұғалімдер өз ойларымен бөлісіп бір серпіліп қалды.





№3 әдеп кеңесінің отырысы, 2024 ж

Осы оқу жылының мамыр айының 20 күні соңғы №4 әдеп кеңесінің отырысы өткізілді. Күн тәртібінде:

1. «Ұстаз және шәкірт» атты шағын баяндама
  2. Педагогтың жаңа бейнесі
  3. Жыл бойы жүргізілген жұмыстарды қорытындылау
- Барлығы 15 мұғалім және әдеп кеңесінің хатшысы қатысты.

«Ұстаз және шәкірт» атты шағын баяндама оқылды. Жалпы педагогтардың шәкірт арасындағы қарым-қатынас мәселелері туралы, педагогтың шәкірт алдындағы мәртебесі туралы сөз қозғалды. Қатысушылар өзара ойларымен бөлісті.

Екінші мәселе бойынша оқу ісінің орынбасары Бердигалиева А.О. және тәрбие ісінің орынбасары Илясова М.Қ. сөз сөйледі. Жаңа оқу жылына жаңа педагог бейнесі қандай болу керектігін айтып түсіндіріп, жаңа бірыңғай форманы қарастыруды алға тартты. Әсіресе педагогтың жаңа бейнесі кәсіби тұрғыда сырттан көрініп тұру керектігі ескертілді.

Педагогикалық әдептің хатшысы Досанова Г.Н. өз тарапынан Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесінің жылдық мониторингі туралы есебін оқыды.

Педагогикалық әдеп кеңесінің төрайымына осы оқу жылында ешқандай шағым-арыздар түспегенін, кезектен тыс отырыстардың себепсіз болмаған жағдайлардың тіркелмегенін сөз етілді. Ұжымның арасындағы педагогикалық қарым-қатынас сақталып, дөрекі іс әрекеттер тіркелмегендігі туралы айтылды.



№3 әдеп кеңесінің отырысы, 2024 ж

Осы оқу жылының мамыр айының 20 күні соңғы №4 әдеп кеңесінің отырысы өткізілді. Күн тәртібінде:

1. «Ұстаз және шәкірт» атты шағын баяндама
  2. Педагогтың жаңа бейнесі
  3. Жыл бойы жүргізілген жұмыстарды қорытындылау
- Барлығы 15 мұғалім және әдеп кеңесінің хатшысы қатысты.

«Ұстаз және шәкірт» атты шағын баяндама оқылды. Жалпы педагогтардың шәкірт арасындағы қарым-қатынас мәселелері туралы, педагогтың шәкірт алдындағы мәртебесі туралы сөз қозғалды. Қатысушылар өзара ойларымен бөлісті.

Екінші мәселе бойынша оқу ісінің орынбасары Бердигалиева А.О. және тәрбие ісінің орынбасары Илясова М.Қ. сөз сөйледі. Жаңа оқу жылына жаңа педагог бейнесі қандай болу керектігін айтып түсіндіріп, жаңа бірыңғай форманы қарастыруды алға тартты. Әсіресе педагогтың жаңа бейнесі кәсіби тұрғыда сырттан көрініп тұру керектігі ескертілді.


Педагогикалық әдептің хатшысы Досанова Г.Н. өз тарапынан Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесінің жылдық мониторингі туралы есебін оқыды.

Педагогикалық әдеп кеңесінің төрайымына осы оқу жылында ешқандай шағым-арыздар түспегенін, кезектен тыс отырыстардың себепсіз болмаған жағдайлардың тіркелмегенін сөз етілді. Ұжымның арасындағы педагогикалық қарым-қатынас сақталып, дөрекі іс әрекеттер тіркелмегендігі туралы айтылды.




№4 әдеп кеңесінің отырысы. 20.05.2024 ж

Теректі мектеп-балаблақшасында өткізілген кезекті ата-аналар жиналысында психологтың «Зорлық-зомбылықтың алдын алу, буллинг, кибербуллинг, бопсалау, аутодеструктивті мінез-құлық туралы» баяндамасы оқылды. Слайд көрсетіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



Кезекті №2 педагогикалық кеңесте психологтың «Білім алушылардың эмоциялық ерік және жеке дамуын зерделеу» тақырыбында сөз сөйледі. мақсаты: тұлға, сезім, ерік, жігер деген сөздерге түсініктеме беріп, білім алушылардың бойынша қалыптасатын процестерін түсіндіру. Толық мағлұмат беру, талдау.



Мұғалімдерге, білім алушыларға буллинг, кибербуллинг туралы ағарту жұмыстары жүргізілді. Және де осы буллинг, кибербуллингтің алдын алу мақсатында кюар коды бар суреттердің мақсатымен таныстырылып, мектеп дәліздерінде ілінді.



Нравится miramguliliasova и ещё 10

terektischool2005 16.11.2023 жылы Теректі мектеп-балабақшасында оқушыларға, мұғалімдерге буллинг, кибербуллинг туралы ағарту жұмысы жүргізілді, және осы буллингке байланысты кюар коды бар суреттер ілінді, оның қолдану жолы мен маңыздылығын мектеп психологы Г.Н. Досанова түсіндіріп берді.




Көктемгі ата-аналар жиналысында да түрлі тренингтер өткізіліп тұрды:



5-8 сынып оқушылары арасында түрлі нейрогимнастикалық жаттығулар ұйымдастырылып отырды. Балаларға екі қолмен қатар жазу, сурет салу, геометриялық фигуралар салып оларды бояу арқылы мидың қызметін жақсартуға бағытталған.

3 сынып оқушылары



8 сынып оқушыларымен



7 сынып оқушыларымен

Ақтөбе облысы әдістемелік орталығының жоспарына сәйкес ағымдағы жылдың 10 мамыр күні «Шаңырақ шаттығы» тақырыбында Темір ауданы педагог-психологтарының тәжірибесін тарату мақсатында семинар-практикум өткізілді. Яғни олар, Шұбарқұдық кентіндегі №6 негізгі орта мектебінің педагог-психологы Жуманова Индира Изтлеуовна мен Теректі мектеп-балабақшасының педагог-психологы Г.Н. Досанова. Семинар-практикумға облыстың әр өңірінен 30-дан астам мамандар қатыстырылды.

Аталған семинардың 15 мамыр халықаралық отбасы күніне орай, жүргізілетін әдіс-тәсілдердің қажеттілігіне бағытталған болатын.

Г.Н. Досанова, психологиялық акциялардың құрылымы мен өткізілу ерекшелігі туралы түсінік беріп, «Шаңырақ шаттығы», «Күпия хат» акцияларының жүргізілу барысын көрсетсе, И.И. Жуманова, отбасындағы өзара жағымды қарым-қатынасты қалыптастыруға және нығайтуға бағытталған психокоорекциялық әдістерді таныстырды. «Эбру» әдісі арқылы отбасылық бірлікті нығайту, өзара жағымды байланыс орнату мүмкіндігін көрсетті.

Семинар-практикум соңында таратпа материалдар беріліп, тәжірибені аудандарда жалғастыруды және 15 мамыр күні мектептерде Халықаралық ОТБАСЫ күніне орай «Шаңырақ шаттығы» психологиялық акция ұйымдастыру ұсынылды.

«Шаңырақ шаттығы» атты әдістемелік құрал дайындалып, электронды нұсқасы облыс бойынша әріптестерге таратылды.



«Таныстыру» сәті









Халықаралық Отбасы күніне орай үлкен үзілісте мектеп оқушыларымен отбасы туралы «Шаңырақ шаттығы» атты шара ұйымдастырылды. Барлық мектеп оқушылары қатыстырылды. Мақсаты: оқушыларға отбасы туралы түсініктерін молайту, отбасыға, отбасы мүшелеріне деген құрмет көрсете білу, арасындағы өзара байланысты, қарым-қатынасты нығайту

Шара барысында «Шаңырақ астында бала бақытты болу үшін отбасына не қажет?» деген сұраққа балалар өз ойларын әрбір шаңырақтың уығына келіп толықтырып отырды. Отбасы қандай болу керек, не құнды деген сұрақтарға жауап беріп пікірлерімен алмасты. Шара соңында «Ана» туралы әнін хормен аяқтады.



Теректі мектеп-балабақшасының педагог-психологы Г.Н.Досанованың 2023-2024 оқу жылындағы алған жетістіктері туралы мәліметі

| № | Мектепшілік  | Аудандық   | Облыстық   | Республикалық  |
|---|--|--|--|--|
| 1 | Алғыс хат<br>«Үздік маман-2024» байқауына қатысып<br>«Шығармашыл маман» номинациясын иеленгені үшін<br>Теректі МБ,<br>05.02.2024 ж | Мадақтама грамотасы<br>«Үздік жыл психологі» аудандық байқауынан авторлық бағдарлама бойынша II орын иеленді.<br>Темір аудандық лім бөлімі<br>Шұбарқұдық қ. 31.01.2024ж. | I дәрежелі диплом<br>Психологтар мен әлеуметтік педагогтері арасында өткен облыстық пәндік олимпиадада <u>1 орынға</u> ие болғаны үшін.<br>Ақтөбе қ.<br>Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы<br>25.03.2024ж.   | Сертификат<br>«Жалпы білім беретін мектептерде педагогтердің кәсіби өсуі мен заманауи ақпараттық дамуы бойынша 80 академиялық сағат көлемінде «SMART BILIM» біліктілік курсына қатысып, «2023-2024 оқу жылындағы білім саласындағы өзгерістер», «ПББ өзгерістерді талқылау», «Цифрлық сауаттылық» тақырыптарын меңгергені үшін.<br>Түркістан қ. ҚР Ақпараттық және Қоғамдық Даму Министрлігінің «Алтын білім кілті» ғылыми әдістемелік орталығы,<br>№01281 27.08.2023ж |
| 2 | Алғыс хат<br>8 Наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай<br>Теректі МБ,<br>06.03.2024 ж.  |  | Алғыс хат<br>«Шаңырақ шаттығы» тақырыбында облыстық семинарда кәсіби іс-тәжірибесімен бөліскені үшін<br>Ақтөбе қ.<br>Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы<br>10.05.2024ж.  | Сертификат<br>«Ата-аналарды психологиялық-педагогикалық ағартудың ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбы бойынша 80 сағат-тық біліктілікті арттыру курсы.<br>«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» коммерциялық емес АҚ<br>Ақтөбе қ. 04.09-15.09.2023 (онлайн)<br>№6810 (0023836) 15.09.2023ж   |
| 3 |  |  | Әдістемелік құрал<br>«Шаңырақ шаттығы»<br>Құрастырушылар:<br>Темір ауданы<br>Г.Н. Досанова –<br>Теректі мектеп-балабақшасының психологы<br>И.И. Жуманова - №6<br>Шұбарқұдық негізгі орта мектебінің психологы<br>Ақтөбе қ.<br>Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығының баспасы<br>36 бет, 10.05.2024 ж. | Сертификат<br>«Буллинг – себептері, формалары, алдын алу» бііктілікті арттыру курсы өткендігін растайды. ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсанындағы №506 бұйрығына сәйкес<br>Нұрсұлтан қ.<br>«Өрлеу- РК» оқу орталығы «Бөбек» буллингтің алдын алу бөлімі.<br>Сағат саны: 8 №57917<br>14.11.2023ж.  |
| 4 |  |  | Сертификат<br>Облыстық кәсіподақ атынан Алматы қаласының «Көктем» шипажайына демалуға жолдама<br>11.07-20.07.2024 ж.<br>аралығында<br>Облыстық кәсіподақ   | Алғыс хат<br>«Буллинг – себептері, формалары, алдын-алу» тақырыбында оқытуға көмектескені және белсенді атсалысқаны үшін.<br>Нұрсұлтан қ.<br>«Өрлеу- РК» оқу орталығы «Бөбек» буллингтің алдын алу бөлімі<br>№58067 17.11.2023ж.   |
| 5 |  |  |  | Сертификат<br>«Білім беру ұйымдарында зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбы бойынша 80 сағаттық біліктілікті арттыру курсы.<br>«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» коммерциялық емес АҚ<br>Ақтөбе қ. 20.11-01.12.2023 (офлайн)<br>№20041 (0037178) 01.12.2023ж   |
| 6 |  |  |  | Сертификат<br>ҚР практик-психологтарының құрметіне арналған «Мәртебелі психолог» фестиваліне қатысып, іс-тәжірибесімен бөліскені үшін.   |

|   |  |  |  |  |
|---|--|--|--|--|
|   |  |  |  | Алматы қ.<br>ҚР Педагогтер мен Психологтар<br>Академиясы, Психолог Шеберлік мектебі<br>PSHM №0212 05.05.2024 ж   |
| 7 |  |  |  | Алғыс хат<br>Психолог шеберлік мектебі<br>ұйымдастыруымен өткен психологиялық<br>ғылыми-практикалық «Мәртебелі психолог»<br>фестиваліне қатысып, білім беру<br>саласындағы біліктілігіңіз бен<br>педагогикалық шеберлігіңізді шындап, ізгі<br>бастамалардың қолдаушысы, жақсы істердің<br>жанашыры болғаныңыз үшін.<br>Алматы қ.<br>ҚР Педагогтер мен Психологтар<br>Академиясы, Психолог Шеберлік мектебі<br>PSHM №250 05.05.2024 ж |
| 8 |  |  |  | Энциклопедия , куәлік + значок «Мәртебелі<br>психолог»<br>ҚР Педагогтер мен Психологтар<br>Академиясы, Психолог Шеберлік мектебі<br>Алматы қ. 05.05.2024 ж.  |

2023-2024 оқу жылы бойынша психологиялық қызметтің бір жылдық аналитикалық - статистикалық есебі  
Теректі мектеп – балабақшасы бойынша / психолог Г.Н. Досанова

мектеп бойынша

| № | Қала /аудан | БҰ (техникалық және кәсіптік, жалпы, негізгі, бастауыш) | Педагог-психолог саны | Әлеуметтік педагог саны | Контингент саны | Тәуекел тобындағы білім алушы саны | Мобильді топ бақылауындағы білім алушы саны | Мобильді топ қолдауын қажет ететін білім алушы саны | Психологиялық қызмет бағыттары                              |  |                   |             | Түзету-дамыту жұмысын алушының саны | Ағартушылық-іс-шаралары |   |
|---|-------------|---|-----------------------|-------------------------|-----------------|------------------------------------|---|---|---|--|-------------------|-------------|-------------------------------------|-------------------------|---|
|   |             |   |                       |                         |                 |                                    |   |   | Диагностика қорытындысы бойынша анықталған білім алушы саны | Жарғалай құрылымды құрған кейінгі нақтыланған білім алушы саны | Консультация саны | Жеке топтық |                                     |                         |   |
| 1 | Темір ауд   | Теректі МБ  | 1                     | 1                       | 139             | 0                                  | 0   | 0   | 62  | 0  | 5                 | 10          | 32                                  | 25                      | 8 |

| № | Қала /аудан | БҰ (техникалық және кәсіптік, жалпы, негізгі, бастауыш) | Білім беру ұйымдарындағы қызметкерлер саны | Педагогтер саны | Педагогтерге арналған психологиялық қызмет бағыттары |   |                                 |                                 |   |
|---|-------------|---|--|-----------------|--|---|---------------------------------|---------------------------------|---|
|   |             |   |  |                 | Педагогтерге арналған диагностика саны               | Педагогтерге арналған консультация саны | Ағартушылық - алушы іс-шаралары | Ағартушылық - алушы іс-шаралары |   |
| 1 | Темір ауд   | Теректі МБ  | 60   | 32              | 0  | 2                                       | 5                               | 4                               | 5 |

| № | Қала /аудан | БҰ (техникалық және кәсіптік, жалпы, негізгі, бастауыш) | Білім беру ұйымдарындағы ата-аналар саны – 139 Отбасы-75 | Ерекше назарды талап ететін ата-ана саны | Ата-аналарға арналған психологиялық қызмет бағыттары |   |                                 |                                 |   |
|---|-------------|---|--|--|--|---|---------------------------------|---------------------------------|---|
|   |             |   |  |  | Ата-аналарға арналған диагностика саны               | Ата-аналарға арналған консультация саны | Ағартушылық - алушы іс-шаралары | Ағартушылық - алушы іс-шаралары |   |
| 1 | Темір ауд   | Теректі МБ  | 75   | 0  | 0  | 3                                       | 9                               | 6                               | 5 |

2023-2024 оқу жылы бойынша психологиялық қызметтің бір жылдық аналитикалық - статистикалық есебі

6/6 бойынша

Теректі мектеп – балабақшасы бойынша / психолог Г.Н. Досанова

| № | Қала / аудан | ББҰ (техникалық және кәсіптік, жалпы, негізгі, бастауыш) | Педагог-психолог саны | Әлеуметтік педагог саны | Контингент саны | Тәуекел тобындағы білім алушы саны | Мобильді топ бақылауындағы білім алушы саны | Мобильді топ қолдауын қажет ететін білім алушы саны | Психологиялық қызмет бағыттары                              |        |  |                   |        |                              |        |                                   |        |
|---|--------------|--|-----------------------|-------------------------|-----------------|------------------------------------|---|---|---|--------|--|-------------------|--------|------------------------------|--------|-----------------------------------|--------|
|   |              |  |                       |                         |                 |                                    |   |   | Диагностика қорытындысы бойынша анықталған білім алушы саны |        | Жартылай құрылымдық сұхбаттан кейінгі нақтыланған білім алушы саны | Консультация саны |        | Түзету-дамыту жұмысының саны |        | Ағартушылық-алдын алу іс-шаралары |        |
|   |              |  |                       |                         |                 |                                    |   |   | жеке  | топтық |  | жеке              | топтық | жеке                         | топтық | жеке                              | топтық |
| 1 | Темір ауд    | Теректі МБ   | 1                     | 0                       | 25<br>14        | 0<br>0                             | 0<br>0                                      | 0<br>0  | 0<br>0  | 4<br>2 | 0<br>0   | 3<br>0            | 2<br>2 | 0<br>0                       | 2<br>2 | 3<br>2                            |        |


| № | Қала / аудан | ББҰ (техникалық және кәсіптік, жалпы, негізгі, бастауыш) | Білім беру ұйымдарындағы қызметкерлер саны | Педагогтер саны | Педагогтерге арналған психологиялық қызмет бағыттары |        |   |        |                                     |
|---|--------------|--|--|-----------------|--|--------|---|--------|-------------------------------------|
|   |              |  |  |                 | Педагогтерге арналған диагностика саны               |        | Педагогтерге арналған консультация саны |        | Ағартушылық - алдын алу іс-шаралары |
|   |              |  |  |                 | жеке   | топтық | жеке                                    | топтық |                                     |
| 1 | Темір ауд    | Теректі МБ   | 11   | 4               | 0  | 2      | 0                                       | 4      | 5                                   |


| № | Қала / аудан | ББҰ (техникалық және кәсіптік, жалпы, негізгі, бастауыш) | Білім беру ұйымдарындағы ата-аналар саны |                      |                      |         | Ерекше назарды талап ететін ата-ана саны | Ата-аналарға арналған психологиялық қызмет бағыттары |        |   |        |                                     |
|---|--------------|--|--|----------------------|----------------------|---------|--|--|--------|---|--------|-------------------------------------|
|   |              |  | Балдырған түрлі жас тобы -47             |                      | Шағын орталықта – 28 |         |  | Ата-аналарға арналған диагностика саны               |        | Ата-аналарға арналған консультация саны |        | Ағартушылық - алдын алу іс-шаралары |
|   |              |  | Отбасы - 36                              |                      | Аналар:              | Әкелер: |  | жеке   | топтық | жеке                                    | топтық |                                     |
|   |              |  | Балдырған түрлі жастағылар -24           | Шағын орталықта - 14 |                      |         |  |  |        |   |        | Балдырған түрлі жастағылар-24       |
| 1 | Темір ауд    | Теректі МБ   | 38                                       | 38                   | 0                    | 0       | 0  | 3  | 3      | 5                                       | 3      |                                     |

Осы шара ата-аналармен де өткізілді. Шараға 30 ата-ана қатыстырылды. Мақсаты: отбасындағы тәрбие, ата-ананың ролі, ситуациялық жағдаяттарды шешу және басқа да көптеген жаттығулар ұсынылды.



Өзін-өзі жетілдіру мақсатында 2023-2024 оқу жылындағы жетістіктер кестеде барлығы көрсетілген :








Құрметті балалық психологтар! Біздің балаларымыздың өсіп-жетілуіне, олардың өмірлік бағыттарын таңдауына, өзіндік қасиеттерін дамытуына өзара үлес қосып отырмыз. Біздің балаларымыздың өсіп-жетілуіне, олардың өмірлік бағыттарын таңдауына, өзіндік қасиеттерін дамытуына өзара үлес қосып отырмыз.

М.К.Жұбанова, психолог  
М.К.Жұбанова, психолог  
М.К.Жұбанова, психолог



|                      |     |                      |     |
|----------------------|-----|----------------------|-----|
| <b>Ақмола облысы</b> | 127 | <b>Ақмола облысы</b> | 127 |
| <b>Абай облысы</b>   | 123 | <b>Абай облысы</b>   | 123 |
| <b>Ақтөбе облысы</b> | 133 | <b>Ақтөбе облысы</b> | 133 |
| <b>Алматы облысы</b> | 137 | <b>Алматы облысы</b> | 137 |



|  |
|--|
| <b>13.50-14.00</b> Қатысушыларға тарту   |
| <b>14.00-14.10</b> Тезис   |
| <b>14.10-14.30</b> «Пандемия жағдайындағы балалар психологиясының өзгерістері»   |
| <b>14.30-15.10</b> «Денсаулық сақтау жүйесіндегі балалар психологиясының өзгерістері»                                  |
| <b>15.10-15.50</b> «Отбасындағы өзара жағымды қарым-қатынасты қалыптастыру және психологиялық саулықты қамтамасыз ету» |
| <b>15.50-16.00</b> Рефлексия   |